

ҚОҒАМ


ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ АЛҚАБИЛЕР ИНСТИТУТЫНА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ҚАНДАЙ

Біз қазақстандықтардың алқабилер институтына қатысты әлеуметтік сауалнама нәтижелерін ұсынамыз

Қазақстанда алқабилер соты 2007 жылдан бері енгізілген. Қылмыстық істі алқабилердің қарау мүмкіндігінің тетігі - заңмен белгіленген, айыпталушының құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғаудың Конституциялық кепілдіктерінің бірі болып табылады.


Қазақстандықтардың алқабилер институтына деген көзқарасы қандай? Бұл сұрақ сот жүйесімен тікелей немесе жанама өзара әрекеттесу тәжірибесі бар респонденттерге қойылды.

Респонденттердің жартысынан көбі – **64,3%** – **алқабилердің қатысуымен өтетін сот отырысына оң көзқараспен қарайды**. Әрбір бесінші сұралған, теріс көзқарасты білдірді, сонымен қатар респонденттердің 4,9%-ы үзілді-кесілді қарсы болды.



1-сурет. Қазақстандағы алқабилер сотына жеке көзқарасыңыз қандай?

Сот ісін жүргізу формасына көзқарасы туралы жанама сұраққа жауап берген кезде респонденттердің 47,7% алқабилердің қатысуымен сот талқылауын таңдайды, ал 36,2% кәсіби соттарға басымдық береді.



2-сурет. Айталық, Сіздің досыңыз бір іс бойынша сотталушы ретінде танылған және оған сот ісін жүргізу формасын таңдау керек, ол Сізбен ақылдасады, оған сот ісін жүргізудің қандай үлігісін таңдауға кеңес бересіз?

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 1200 респондент. Статистикалық қателік 2,95%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – қыркүйек 2019 ж.